



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 6-кіреберіс
e-mail: kense@enbek.gov.kz
тел: 8 (7172) 74-36-03

010000, город Астана, проспект Мәңгілік ел, 8
Дом Министерств, 6-подъезд
e-mail: kense@enbek.gov.kz
тел: 8 (7172) 74-36-03

№ _____

Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжіліснің депутаттарына
(тізім бойынша)

07.03.2024 ж. № ДС-97

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (*бұдан әрі - ЖМЗЖ*) төлеуге қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне (*бұдан әрі - Кодекс*) сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ЖМЗЖ енгізілді.

ЖМЗЖ қазақстандықтардың, болашақ зейнеткерлердің әл-ауқатын арттыру мақсатында енгізілді. Әсіресе, бұл ынтымақты өтілі жоқ (1998 жылға дейін) немесе ынтымақты жүйеде өтілі шамалы азаматтарға қатысты.

Зейнетақының ынтымақты бөлігі жыл сайын азаятынын ескеру қажет, бұл табысты зейнетақы төлемдерімен алмастыру деңгейіне әсер етеді. Бұл ретте, қызметкердің 10 %-ы жарналары зейнетақының барабар мөлшерін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Халықаралық тәжірибе мұны растайды. Мысалы, ЭЫДҰ елдерінде жарналардың орташа мөлшерлемесі шамамен 18%, Сингапурда – 37 % (оның 20 %-ын жұмыс беруші төлейді), Ресей Федерациясында жұмыс беруші үшін мөлшерлеме 22 %, Беларусь Республикасында 28 % және тағы 1 % қызметкер төлейді.

Осылайша, әлемдік тәжірибені ескере отырып, азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру үшін мемлекеттің, жұмыс берушінің және қызметкердің қатысуымен ортақ жауапкершілік қолданылады. Бұл тәсіл бизнеске жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

ЖМЗЖ зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі басқа шаралармен қатар алушылардың еңбек өтіліне барабар лайықты зейнетақыны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін зейнеткерлік жасқа толған кезде қазақстандықтардың зейнетақы

жинақтарының барабар деңгейін (зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі табысты алмастыру коэффициенті) сақтауға мүмкіндік береді.

Егер «ересек» ұрпақтың зейнетақысы үш бөліктен тұрса: жасына байланысты зейнетақы төлемі (1998 жылға дейінгі еңбек өтілі үшін ортақ зейнетақы), мемлекеттік базалық зейнетақы және жинақтаушы зейнетақы, оның екеуі өмір бойы төленеді, ал одан кейінгі жас ұрпаққа бүгінде тек екі құрамдас бөлік – мемлекеттік базалық және жинақтаушы зейнетақы көзделген және зейнетақы жинақтары таусылған жағдайда, өмірінің соңына дейін тек мемлекеттік базалық зейнетақы төленетін болады.

Міндетті зейнетақы жарналары (*бұдан әрі – МЗЖ*) барлық алынатын табыстардан, оның ішінде дара кәсіпкерлердің өз пайдасына төленетінін атап өту қажет. МЗЖ зейнеткерлік жасқа келген кезде жинақтаушы зейнетақы жүйесінен зейнетақы төлемі түрінде төленетін болады.

Ал ЖМЗЖ зейнетақымен қамсыздандырудың қосымша деңгейін құрайды. Зейнетақы төлемдерінің ынтымақты бөлігінің қысқартылуын ескере отырып, МЗЖ ынтымақты құрамдауышты алмастыратын болады.

Дара кәсіпкерлер зейнеткерлік жасқа толған кезде Қазақстанның барлық азаматтары секілді зейнетақы төлемдерін толық көлемде, оның ішінде шартты жинақтаушы зейнетақы жүйесінен алатын болады.

Бүгінгі таңда Кодексте дара кәсіпкерлердің өз пайдасына ЖМЗЖ төлеу міндеттемелері бойынша нормалар бар.

Зейнеткерлік жасқа жеткенде осы тұлғаларды зейнетақымен қамсыздандыру мақсатында осы міндеттемелерді сақтау орынды деп санаймыз.

Сонымен қатар 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша микро және шағын бизнестің еңбекақы төлеу қорына жүктемені азайту үшін жеке табыс салығын және бюджеттен тыс қорларға (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Әлеуметтік-медициналық сақтандыру қоры) міндетті жарналар/аударымдар төлеу үшін «бірыңғай төлем» жеңілдікті режимі енгізілгенін атап өтеміз.

Мәселен, микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің ішінен жұмыс берушілер жеңілдетілген тәртіп пен төмендетілген мөлшерлеме бойынша бірыңғай төлем төлейді. 2024 жылы ол қызметкердің табысынан 21,5 %-ды құрады.

Министрдің м. а.

О. Ордабаев

Тізім:

- 1. Е. Бейсенбаев**
- 2. А. Перуашев**
- 3. Д. Еспаева**
- 4. Е. Барлыбаев**
- 5. Қ. Иса**
- 6. А. Садықов**
- 7. Д. Исабеков**